

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 қаңтардағы N 24 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 наурыздағы N 242 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының делегациясын Дели қаласына (Үндістан Республикасы) іссапарға жіберу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 қаңтардағы N 24 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Дархан Аманұлы Қалетаевты, Тимур Асқарұлы Құлыбаевты, Қайрат Ермекұлы Омаровты, Жанар Сейдахметқызы Айтжанованы, Қайыргелді Мақсұтұлы Қабылдинды, Мұхтар Еркінұлы Жәкішевті сондай-ақ баспасөз өкілдерін қоспағанда, делегация мүшелеріне қонақ үйде тұруға, тәуліктік және Алматы - Дели - Алматы бағыты бойынша көліктік шығыстарға;

Жанар Сейдахметқызы Айтжановаға қонақ үйде тұруға, тәуліктік және Алматы - Дубай - Дели - Алматы бағыты бойынша көліктік шығыстарға 2009 жылға арналған республикалық бюджетте 005 "Шетелдік іссапарлар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен валюта айырбастаудың берілетін күнгі нарықтық бағамы бойынша шетелдік валютада қаражат бөлсін."

2. Осы қаулы кол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов